

**Сот шешімімен Жаңаарқа ауданының  
коммуналдық меншігіне түскен болып танылған  
иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын  
бекіту туралы**

Қарағанды облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының XXIV  
сессиясының 2018 жылғы 28 ақпандағы № 24/179 шешімі.  
Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы  
16 наурызда № 4654 болып тіркелді

ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі,  
27.03.2018 ж.

---

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы  
Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 3) тармақшасына  
және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы  
"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік  
басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес,  
аудандық мәслихат ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қоса беріліп отырған сот шешімімен Жаңаарқа  
ауданының коммуналдық меншігіне түскен болып танылған  
иесіз қалдықтарды басқару Қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған  
күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа  
енгізіледі.

*Аудандық  
мәслихаттың кезектен  
тыс XXIV сессиясының  
төрағасы*

*Ж. Абыров*

*Аудандық  
мәслихат хатшысы*

*К.  
Имантусупов*

Жаңаарқа  
аудандық  
мәслихатының  
2018 жылғы 28  
ақпандағы  
№24/179  
шешімімен  
бекітілген

**Сот шешімімен Жаңаарқа ауданының коммуналдық меншігіне  
түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару  
қағидалары**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 20-1 бабының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды (бұдан әрі – қалдықтар) басқару тәртібін айқындайды.

2. Қалдықтарды коммуналдық меншікке беру сот шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

3. Иесіз қалдықтарды басқаруды Жаңаарқа ауданының жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) жүзеге асырады.

4. Қалдықтарды басқару мақсатында жергілікті атқарушы орган мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің өкілдерінен комиссия құрады (бұдан әрі – Комиссия).

Қалдықтарды басқару бойынша жұмыстарды ұйымдастыратын орган ретінде жергілікті атқарушы орган тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық саласында қызмет атқаруға уәкілеттілік берген және тиісті жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы орган белгіленеді.

5. Иесіз қалдықтарды басқару – бұл қалдықтарды бағалау, есепке алу, одан әрі пайдалану, сату, кәдеге жарату және жою бойынша қызмет.

## 2. Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару тәртібі

6. Қалдықтарды есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидаларына сәйкес атқарылады.

7. Талап етілмеген қалдықтарды қауіпсіз кәдеге жарату және жою бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды жергілікті атқарушы орган Комиссияның ұсыныстарын ескере отырып Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырады.

8. Қалдықтарды кәдеге жарату және жою бойынша көрсетілетін қызметтерді жеткізушіні таңдау Қазақстан

Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Қалдықтар сатылғаннан, кәдеге жаратылғаннан және жойылғаннан кейін қалдықтардың орналасқан аумақтарын қалпына келтіру Қазақстан Республикасының жер заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

### **3. Қорытынды ережелер**

10. Қалдықтармен жұмыс істеу барысында Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген талаптар сақталады.